

Өскемен қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 3743 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 қазанда № 24710 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ішкі сауда қағидаларының 73-тармағына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 23.10.2024 № 3792 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Өскемен қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін және бекітілсін.

2. Алып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 23.10.2024 № 3792 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 23.10.2024 № 3792 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

Ж. Омар

Өскемен қаласы әкімінің
2021 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 3743 қаулысына қосымша

Өскемен қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 17.02.2025 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--	--	--

№	Нақты орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Гагарин бульвары, № 12а ү й г е қарама-қарасы	16 шаршы метрден 2 орын	5 жыл	азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары, оның ішінде, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары	"Рахат" дүкені
2	Кожедуб көшесі, № 52 үйге қарама-қарасы	20 шаршы метрден 3 орын	5 жыл	азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары, оның ішінде, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары	жоқ
3	Малдыбаев көшесі, Геологическая көшесі, № 2/2 ғимараттың жанында	16 шаршы метрден 2 орын	5 жыл	азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары, оның ішінде, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары	"Даниил" дүкені
4	Машиностроителидер көшесі, № 4 үйге қарама-қарасы	16 шаршы метрден 1 орын	5 жыл	азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары, оның ішінде, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары	"Импульс" дүкені